

# Социалистік Қазақстан 1959 ж.

1. Жас инженер (Молодой инженер), 15 февраль



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің,  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

№ 39 (10826)

ЖЕКСЕНБІ, 15 ФЕВРАЛЬ 1959 жыл.

Шыға бастағанына 38 жыл.  
Бағасы 20 тиын.

## Ж А С И Н Ж Е Н Е Р

Алматы қаласының оқтаудай тұзу әлемі де әсем көшелерінің бірі Фурманов көшесі Октябрдің мүйісінде кундіз-түні соң-бойы. Бұл ұйып тұсынан қай кезде өтсеңіз де тарт-түре аябайтқа қармай өтпейсіз.

Бұл үйде Алматы Шұға фабрикасының тоқыма цехы орналасқан. Оның ішіне кірсеңіз қайнаған еңбек, патшаның қимылдаған адамды көресіз. Тоқыма өнеркәсібінің озымауына жеткіздірген машиналары адамсыз-ақ өз бетімен жұмыс істеп, жіпті жедел тоқуда.

Бұл күндері партиямыздың XXI съезінің шешімдерімен жігерленген цех коллективі бір кісідей болып, ұйымшылдықпен еңбек етуде.

Осы бір көптің ортасынан ол машина мен-бұл машинаның арасында аяған пірақ басып жүрген аяққа баша жас әйел көзге ерекше ілінеді.

Бұл айтты отырғанымыз осы тоқыма цехының бастығы, инженер Әнел Әлжанқызы Дүзенова. Міне, оның осы цехта істейтініне тоғыз жылға ғана уақыт болды. Алғашында емена мастері, технолог болып, кейіннен цех бастығына дейін жогарлатылды. Соған бері ол осы цехтың ыстық-суығына тезін жыл сайынғы қажырлы еңбегімен коллективтің қадір құрметіне бөленуде. Ол басқарған цех өткен жылы өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын 102 процент орындады. Жоспардан тыс көптеген өнім берді.

1945 жылы Алматының № 33 орта мектебін алтын медальмен бітірген Әнел, оған әрі оқуды, жоғары білім алуға арман етті. Оның бұл арманы партия мен үкіметтің ұлы қамқорлығы арқасында іске асты.



**Ә. ДҮЗЕНОВА.**

Институт бітірді. Жетары баям алды. Әнел ерте абырдаған Әнел екі тәрбиеленіп, аямадай өміршеңгеріне коммунистік партия мен советтік Отаным болды. Менің өмірім осы байырғымы.

Таманын айттық да Әнел Дүзенова 1950 жылы Мәскеу тоқыма институтын бітірді. Мектеп келгенде тәжірибелі аз жас маман еді. Ол шұға фабрикасының табылмаймыз деген рет ата-сүйем-ақ іздеуіне ұйрену жолында мысықтарымен араласып алды. Әнелдің кісідей болып кетті. Президенті олардан ортасына салды.

Осылайша қабасы, қолғапты қажырлы еңбек Әнелдің өз ісіне жетіле беріне, өндіріс жаңалықтары батпай іске қосуға жағдай жасалды. Таалай таманы жаңалықтар өндіріске енгізіліп, өнімнің сапасы арттыруға көмектесті. Әнел басқарған цехтың бір өзіне өткен жылы жиырмаға жуық жаңалық ұсыныстар өндіріске енгізілді.

Цех үстемізіндегі жылдан аянары алдымен жоспардан асыра отырды. Онда коммунистік еңбек бригадасының атағын алу үшін күресуші бригадалар аз емес. Лушкова, Дули-сейки, Духанни басқарған бригадалардың қазіргі көрсеткіштері коммунистік еңбек бригадасының атағына лайық болып отыр.

Әнел цехтағы озақтар қатарына қосытуға, артта қалып қобғандарды демеп отыруға көп көңіл бөлді. Цехтың озақтары А. Кочкина, Л. Дуженкова, А. Злобина, Н. Живкова, тараы басқалар осы Әнел өспіріп, баулыған өндіріс орындары.

Женнишкі Коммунистік Жастар Одағы тәрбиелеген миллиондардың бірі — осы Әнел. Ол 1944 жылдан соңғы жылға дейін комсомол қатарында болды. Қазір партия қатарына өтуге айрылуде. Ол фабрикада үлгілік қызметін атқарып келеді. Монғол-совет достығы қоғамының мүшелігі қызметін де ойдағыдай атқаруы.

Алматы Шұға фабрикасы мен қазақ педагогтік әйелдер институтының коллективтері Әнел Әлжанқызы Дүзеноваға зор сенім көрсетіп, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынды. Жұзьда округтық сайлау комиссиясы № 2 Алматы — Оңтүстік сайлау округы бойынша Әнел Әлжанқызы Дүзенова жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеу жөнінде бір ауыздан қаулы қабылдады.

Халқымыздың таңдаулы қыздарының бірі, жас инженер Әнел Дүзеноваға округ сайлаушылары сайлау күні бір ауыздан дауыс беретініне шүбә жоқ. Өйткені ол халық сеніміне ие болып, жұртшылық құрметіне бөленген совет маманы.

**Әбдібек НҰРМАҒАМБЕТОВ.**

2. Дәрігерлік көмекті жақсарту керек (Медицинское обслуживание должно быть улучшено), 20 февраля
3. Интернаттағы оққылықтар (Пробелы в интернате), 20 февраля



### Дәрігерлік көмекті жақсарту керек

Шалқар аудандық (Ақтөбе облысы) денсаулық сақтау бөлімі өзінің жұмысын халыққа медициналық қызмет етуді жақсарту міндеттеріне сай қайта құра алмай келеді. Мы-

лесі тіпті нашар. Ауырған адамдар алыс жерлердегі медициналық пункттерге, немесе қалалардағы емдеу орындарына баруға мәжбүр болады. Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Мұқашев жолдас бұл жағдайды жақсы біледі және ол «Коммунизм жолы» ауылшаруашылық артелінде болғанда колхозшыларға дәрігерлік көмек көрсетуді жақсарту жөнінде уәде де берген болатын. Бірақ, осы уәделердің бәрі аяқсыз қалып келеді.

Мысалы, оның уәдесі бойынша біздің жолхоздан 7 километр жердегі Карл Маркс атындағы жолхоздан ашылған медициналық пункт «Коммунизм жолы» колхозының мүшелеріне де дәрігерлік көмек көрсетуі керек еді. Бұлай болмай келеді. Осы пункттің меңгерушісі Гатчина жолдас кейбір науқас адамдарды қабылдаудан бас тартқан. Сондықтан да олар 120 километр жердегі аудан орталығына барған.

Шалқар аудандық денсаулық сақтау бөлімі алдағы кезде мұндай кемшіліктерге жол бермеуі тиіс.

**Ө. ӨТЕМАМБЕТОВ.**



— Ауылыңда аурухана болмаса, ауырма!

салы, осы аудандағы «Коммунизм жолы» колхозындағы науқас адамдарға дәрігерлік көмек көрсету мәсе-

### Интернаттағы оққылықтар

Талдықорған облысының Қаратал ауданына қарайтын «Кәлпе» орта мектебінің жанынан интернат ашылып, оған Сталин атындағы жолхоздың алыста тұратын малшыларының балалары алынған еді. Интернат үйін оқу жылына ойдағыдай әзірлеуге кезінде жеткілікті көңіл бөлінбегендіктен, жатақханалар дұрыс жөнделмей қалды. Екіншіден, интернат қажетті отынмен, жарықпен қамтамасыз етілмеді. Сөйтіп ноябрьдің екінші жартысына дейін интернат жатақханасына от жағылмай тұрды. Асханада да ас пісіретін отын болмады. Осының салдарынан интернат балалары қыс ортасында оқуды тастап кетіп қалды.

Интернатқа орналастырылған малшылардың балалары лажсыздан оқуларын тастап, кәзір үйді-үйлерінде босқа жүр. Мектеп директоры Посметный жолдас оларды қайта жинап алып оқыту жөнінде қам жасап отырған жоқ. Тиісті орындар бұл жөнінде жедел шапа қолданса екен.

**Н. НҮРШАЛОВ.**  
«Кәлпе» мектебінің мұғалімі.



— Өзіме жылы болған соң...  
Суреттерді салған  
**П. Бейсенов.**





6. Медициналық училищенің мұқтажы неге өтелмейді? (Почему не удовлетворены нужды медицинского училища?), 10 апреля



## Медициналық училищенің мұқтажы неге өтелмейді?

Гурьев облыстық медицина училищесі 1947 жылдан бері жұмыс істейді. Училище он жыл ішінде бес жүзден аса медсестраларды, екі жүзге тарта фельдшерлерді және жүзге жуық акушеркаларды даярлап шығарды. Олар көзір облыстың колхоздары мен совхоздарында, кәсіпшіліктері мен барлау орындарында жұмыс істеп жүр.

Республикамызда мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін қайта құру жөніндегі Заң арнаулы орта білім беретін оқу орындарына да күрделі міндеттер жүктейді. Олар әрі өндірістік тәжірибесі бар, әрі теориялық білімді мамандар даярлап шығаруға тиіс. Ал, Гурьев облыстық медицина училищесінің жағдайы өмірдің өзі ұсынып отырған осы жоғары талапқа сай емес.

Ең алдымен, училищенің лайықты оқу үйі жоқ. Осының салдарынан анатомия, биология, фармакология, физиология, ішкі аурулар және акушеркалық оқу кабинеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік болмай келеді. Ал мұның өзі осы аталған негізгі пәндерден жүйелі білім беруге кері әсер етуде. Сондай-ақ жатақхананың жайы да осындай. Училищеде оқитын 235 адамның үштен бірінен артығырағы ғана жатақханамен қамтамасыз етілген. Ал қалғандары училищеден жеті километр қашықта тұрады. Мұның өзі саяси-тәрбие жұмыстарын, әртүрлі үйірмелердің жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сөз жоқ, бұл оқушыларды саналы, мәдениетті етіп тәрбиелеуге нұқсан келтіреді.

Училишедегі 26 оқытушының үшеуінен басқасының негізгі жұмыс

орны қаланың медициналық мекемелерінде. Негізгі жұмыс орны училище болмағандықтан оларға қатаң талап қоюдың қиындығын айтпағанның өзінде, облыста тұрақтамай олардың құрамы жылма-жыл өзгеріп тұрады. Олардың негізгі жұмыс орнының тапсырмасымен жиі-жиі командировкаға шығып тұратындығы тағы бар. Үстіміздегі оқу жылының алғашқы жарты жылында тек осы себеппен ғана 188 сағаттық сабақ өткізілмеді. Оқушылардың күнбе-күн практикалық сабақтары өтетін аурухана, емханалар — қалада. Міне, бұдан кейін оқудың сапалылығы жөнінде не айтуға болады. Училищені бітіріп, жергілікті жерлерде жұмыс істеп жүргендердің өз істерін жақсы білмейтіндіктері жөнінде келіп жататын хаттар да осыны дәлелдейді.

Біздіңше Гурьев облыстық медицина училищесіндегі мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды. Училищенің жұмысы халыққа білім беру жүйесін қайта құру талабына сай болуы үшін, ең алдымен, оған лайықты оқу үйі мен жатақхана салу қажет. Бұған қоса училищенің оқытушылар кадрларының тұрақты болуы, яғни, олардың негізгі жұмыс орны училище болуы шарт.

Сонда ғана училище партия мен үкімет алға қойып отырған талапқа сай жұмыс істеп, практикалық, теориялық жан-жақты білімі бар фельдшерлерді, акушеркаларды және медсестраларды даярлап шығара алады.

Рахым КӨШЕМБАЕВ

Гурьев облыстық медицина училищесінің директоры.

7. Тіс дәрігері жоқ (Нет зубного врача), 16 мая



### Тіс дәрігері жоқ

Манкыстау ауданында еңбекшілерге медициналық қызмет ету ісі өз дәрежесінде емес. Аудан орталығында тіс, көз, іш және нерв жүйелері арууларын емдейтін маман дәрігерлер жоқ. Сондықтан ондай наукас кісілер Гурьев, Астрахань қалаларына барып емделуге мәжбүр болып жүр. Бұл қалаларға жету үшін кемінде 200 километр жол жүру керек. Ал,

Манкыстау ауданының алыс мал жайылымы участоктарындағы малшылар ауыра қалса, облыс орталығына барып емделуге олардың мүмкіндігі бола бермейді.

Аудан еңбекшілері, әсіресе тіс дәрігеріне өте-өте мұқтаж. Бірақ аудан және облыс басшылары жұртшылықтың орынды талабына құлақ аспай келеді.

Ж. ТАСТЕМИРОВ.

### Үйіміз зәк болып кетті

Алға станциясындағы (Ключевой ауданы) Совет көшесі мен жаңа Центральная-Заводская көшелерінің аяқ жағында «Актюбхимкомбинат» зауытынан ағып келетін қышқыл аралас су бар. Зауодтан шыққан су күнде осында құйылып жатады. Бұл судың халыққа зияны көп. Біріншіден, денсаулыққа жаман болса, екіншіден, кейбір тұрғындар үйлерінің астынан зәкпен су шығып, омырылып құлауға жақын тұр. Мысалы, Совет көшесіндегі 128—130—132—134—136 үйлердің бәрінің едені сыз болып жатады.

Бұл мәселе аудан алдына қойылған. Одан соң ауданнан, заводтан комиссия шығып, мұны бір жаққа ағызып жіберу керек деп ұйғарған болатын. Оған бір жылдан асып ба-

рады. Қазір су күннен күнге көбейіп барады.

Мен Отан соғысының екінші топтары мүгедегімін. Алға станциясындағы Совет көшесінде, 132-үйде тұрамын. Осы үйді екі-үш жыл жүріп, шаққа салып алып едім. Үйімді су алып барады деп поселкелік Советке, Госстрахқа бардым, бірақ олардан еш көмек ала алмадым. Жауыннан құласа жәрдем береміз, басқаны білмейміз деседі.

Міне, осындай зиянды нәрсеге ешкім көңіл аудара қоймайды. Халықта «үйіңнен су шықты ма» деген мәтел бар еді. Қазір Алға станциясындағыларға соның кері келіп отыр.

Таңатқан МҰҚАНБЕТӘЛИН.

Ақтөбе облысы,  
Алға станциясы.

8. Толдақорған облысы, Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхозында 25 койкалық аурухана жұмыс істейді (В колхозе имени Сталина Талдыкурганской области работает больница на 25 мест), 31 мая



**Ана мақтанышы**

Төбетін жұмсақ вагон — ой бесірі  
 Ашылып ақыл-зерде кең есірі.  
 Карт ана келе жатыр ой толғанып  
 Көзі кет дегеннен соң кенжесі — ұлы.

Кенжесі бұрынғыдай жас бала ма?  
 Ол солдат армияда, астананда.  
 Шыпшаққа тағзым етіп Мавзолейге  
 Көзегін көп ішінде тосты ана.

Мавзолей карт Кремль аясында,  
 Самсаған жұлдыздардың арасында  
 Уымтап ұстазы мен Шәкірт жатыр  
 Бақыт боп туған Адам баласына.

Жаз бен қыс, көктем мен күз, Тасқын — халық  
 Жағалы Волгаға ұқсап тынбай ағып,  
 Ол жүрек, алғыр ақыл осы арадан

Қайтады өміріне қуат алып,  
 Атталай жүрек дүп-дүп босағалып  
 Көрем деп өз баласын осы арадан  
 Ол сізге ойлап па еді. Сағыныш — жас  
 Көзге іркілсе, жұрт айтар: «Осада адам»

Деп қалды ана: — Жәніп!..  
 Ұл жүрегі.

Бір сәтке шымыр етті, елжіреді  
 Жас солдат қас қақпалы, кәлт етпеді,  
 Айрылмай айбынынап сұсты рені.

Күрметті қарауылда — ұяны алда!  
 Мақтансаң, мақтан Ана, орны барда!  
 Халықтар махаббаты күзетуден  
 Әлемде артық бақыт табылар ма?!  
 Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.

**Тұңғышымы**

Дүниеге келді тұңғышым, —  
 Бөлмеміз толды ән-күйге.  
 Самғатып үйде жыр құсын,  
 Салады сәулем әлдіге. \* \* \*

Дүниеге келді тұңғышым, —  
 Жүзеге асып арманым  
 Осынау жердің сол үшін  
 Көтерем күлді салмағын. \* \* \*

Бөлмеме шықты гүл менің, —  
 Тұңғышым жайқал бағымда.

Осынау жалпақ дүниенің  
 Шаттығы бүгін жанымда. \* \* \*

Әлемге жар сап әр күні,  
 Әкелік нұрға жүзем мен:  
 — Тұңғышым көрсін танкін!  
 Мамонтпен бірге музейден! \* \* \*

Дүниеге келді тұңғышым, —  
 Бөлмеміз толды ән-күйге  
 Самғатып үйде жыр құсып,  
 Әлділе, сәулем, әлділе!  
 Қосжан МҮСІРЕПОВ.

Талдықорған облысы, Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхозында 25 койкалық аурухана жұмыс істейді. Ондағы дәрігерлердің көбі бұрынғы колхозшылар. Колхоздағы орта мектепте оқып, қазақ мемлекеттік медицина институтын бітірген Тажи Асанов көзір осы ауруханада хирург болып істейді. Сүретте: Тәжи Асанов колхозшы Рахимовтың қызы Бақыттың денсаулығын қарап жатқан кезі.

Сүретті түсірген  
 Я. Турин.  
 (ҚазТАП).

9. Балалар бақшасына көңіл бөлінсін (Обратим внимание на детский сад), 17 июля



**Балалар бақшасына көңіл бөлінсін**

Алматы қаласындағы № 74 балалар бақшасының ашылғанына екі жылдай уақыт өтті. Осы екі жыл ішінде балалар бақшасы үйдің тартылғанын көп қиындық көріп келгенінен көп қиындық көріп келгенді. Мұнда 75—80 балалық орынға 169 бала қабылданған. Сондықтан бір балаға арналған төсекте екі бала жатады. Тіпті кей бөлмелерде хороватт қолға орнын тар болғандықтан балаларға төсекті еденге салып бөрте тұра келіп жүр. Иім салып шығады, сәбилердің ойыншықтарын да, арнаулы орын бөлмеде қалдырып, балалар жататын үйге қояды. Балалар бақшасы орналасқан үйдің бірінші қабатында Шереметьева, Романова, Бескоровайна дейіндердің семьялары тұрады. Егер бұл семьяларды осы үйден көшірсе, балалар бақшасы көп мұқтажықтан арылар еді.

Еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советі 1957 жылғы 25 декабрде кейбір балалар мекемелерінің үйінде тұратын семьяларды көшпұ туралы шешім қабылдады. Бірақ бұл шешімнің № 74 балалар бақшасына әзірше шинасы тиген жоқ. Бұл туралы сәбилердің ата-аналары, балалар бақшасының қызметкерлері, Сталин аудандық халық-ағарту бөлімі тигісі орындарға талай рет шағым етті. Амаз не жағдай өзгерген жоқ.

№ 74 балалар бақшасына қарасты үйде тұратын семьяларға басқа жерлерден пәтер үй берілсе де олар көшуден бас тартты. Айттайық, Шереметьеваға әлденеше рет жаңа пәтерге көшпұ ұсынылды. Ол қала орталығынан алыс, бөлмелері тар деген сияқты сылтау тауып, балалар бақшасы үйін босатудан бас тартуда. Оның семьясында бар болғаны үш-ақ жан бар. Ал Романова деген өзінің бұрынғы бөлмесін тастап, балалар бақшасының үлкенірек үйіне заңсыз кіріп алып шықпай отыр. Бұл үйде кәзір семьяның құрамында жоқ адамдар да тұрады.

Үйдің төменгі қабатында бұл семьялардың тұруы балалар бақшасының жұмысына кері әсерін тигізбей отырған жоқ. Балалар мекемесіне сырт адам дәрігердің арнайы рұқсатымен ғана кіре алады. Ал Шереметьеваның семьясы үйіне балалар бақшасының асханасы арқылы өтеді. Тазалық жөнінде айтылғанын өзінде, мұнда ас әзірлеудің өзі қандай қолайсыз.

Сондай-ақ бұл семьялардың шаруашылық жұмыстары балалардың демалуына, ойнауына жағдай жасауға мүмкіндік бермейді. Бұл үйлерге келіп, кетіп жүрген адамдар да балалардың көңілін бөледі.

Балалар мекемесінде арнаулы медициналық шаралар жүргізілетін болғандықтан, онда бейсаяр ересек адамдардың араласуына жол берілмеуге тиіс. Міне, осыларды ескеріп, Сталин аудандық прокуратура бұл семьяларды әкімшілік жорасы бұл семьяларды әкімшілік жорасымен басқа пәтерге көшірпұ шешім қабылдаған еді, бірақ оны облыстық прокуратура тоқтатып тастады. Ал облыстық прокурордың орынбасары Васильева жолдас «Осы күнге дейін балалар бақшасы жұмыс істеп келген екен, осы жағдайда бұдан былай да істей алады» деп сәуегейлік жасаған.

Кәзір № 74 балалар бақшасының үйі күрделі жөндеуді қажет етіп тұр. Ондағы ескі пешті қайтадан салып, тағы да қосымша құрылыстар жүргізу керек. Оған қажетті құрылыс материалдары жеткізілді. Қаражат та босатылған. Бірақ үйдің төменгі қабатында әлгі семьялар тұруына байланысты жөндеу жұмыстарын бастауға мүмкіндік жоқ. Сондай-ақ биылғы жылы жүргізілмек болған бұ жылытқыш та үйдің төменгі қабатынан басталатындықтан әлі қолға алынбай отыр.

Кәзір балалар бақшасы үйін күрделі жөндеуден өткізудің ең қолайлы кезеңі. Сондықтан № 74 балалар бақшасында тұратын семьяларды тезінен басқа орынға көшірпұ керек. Олай етпейінше алдағы уақытта бұл үйде жас балалардың тұруы хауіпті.

Жұырда КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мектепке дейінгі бала тәрбиесі орындарын онан әрі өрістетпұ, мектеп жасына жетпеген балаларды тәрбиелеу және оларға медициналық қызмет етпұ ісін жақсартпұ шаралары туралы» қаулысында балалар бақшасының жұмысын жақсартпұға ерекше көңіл бөлген. Партиямыз бен үкіметіміз белгілеп отырған осы шаралар Алматы қаласындағы № 74 балалар бақшасына да тікелей қатысты екенін естен шығарпұға болмайды.

Мамадияр ЖАҚЫПОВ.

10. Қарт анаға қамқорлық (Защита престарелой матери), 18 июля



### Қарт анаға қамқорлық

Қораз Тұрманова кәріенің жалғыз ұлы Ізтай Қазақ темір жолының № 6 развезінде істеп жүрді. Озат жұмысшы сүйікті Отанымызға басқыншы жау шабуыл жасаған жылы майданға аттанды...

Қарт ана дерексіз кеткен ұлын ойлап алғашқы жылдары көп қамықты. Өзінің егде тартқан жасы есіне түскен сайын «ертеңім не болмақ» деген ауыр ой кеудесін сыға түскендей болып жүрді. Бірақ, Ізтайдың құрбы-достары, шәкірттері, жұмысшылар коллективі ананы жалғызсыратпады, құшақ жая қамқорлыққа алды. Күні бүгінге дейін анаға қажетті отын-су, азық-түлікті жұмысшылар дайындап береді. Үй ішіндегі жұмыстарына пионерлер көмектеседі. Жуырда кәсіподақ ұйы-

мының ұйғаруымен екі рет жексенбілік ұйымдастырылып, Қ. Тұрманова анаға екі бөлмелі жаңа үй салынып берілді.

— Менің ұлым жалғыз Ізтай деп қателескен екенмін. Мен ең алдымен жұмысшының анасы екенмін. Сондықтан да бақытты адаммын деп санаймын өзімді. — дейді қарт ана.

Оның № 6 развезд жұмысшылары мен мектеп оқушыларына деген алғысы мен сүйіспеншілігі шексіз.

Қауыш ҚАЗЫБЕКОВ.

Қызылорда облысы,  
Жалағаш ауданы,  
Сталин атындағы колхоз.



«Павлодарстрой» тресі Жаңаауыл құрылыс-монтаж басқармасының құрылысшылар коллективі алыстағы мал отарлары участкасында тұрғын үйлер мен мал қораларын салуда. **Суретте:** құрылыс-монтаж басқармасының құрылысшылары (алдыңғы қатарда, солдан оңға қарай) бригадир П. П. Жеребной мен ағаш ұстасы И. И. Новоселов жолдастардың «Майск» совхозының мал отары участкасында қамыс қалқандарынан тұрғын үйлер салып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Чижигов. (ҚазТАГ).

## 11. Маман хирург (Специалист хирург), 21 июля



болмай отыр. Ар...

### Маман хирург

Дәрігер Нұрмұхан Дүйсековтың қамқорлығы, жылы сөзі, мейірімді күлкісі ауруларға ерекше ұнайды, үміт сезімін тұғызғандай болып тұрады.

— Менің ауруларды жиі аралау себебім, — дейді Нұрмұхан, — ауыр халде жатқан адамның қасына барып әңгімелесу, ақыл-кеңес беру науқастың ауруын жеңілдетеді. Олардың «осы аурудан жазылып, өмір сүремін» деген сенімін күшейтеді. Ал сенім — емнің ең үлкені.

Нұрмұхан Дүйсеков 1954 жылы Алматының медициналық институтының хирургия факультетін ойдағыдай бітіріп, Алматы облысы, Кезген ауданына келеді. Өткен 4—5 жылдың ішінде өз ісінің шебер-маманы Нұрмұханның қолынан нелер ауыр да қиын операциялар өтпеді дейсіз! Бәрі де сәтті болып, өзіне хауіп тудырған науқасынан жазылғандар Нұрмұханға алғысын қарша боратуда.

Көпшілікке өз еңбегімен танылған дәрігер Нұрмұхан Дүйсековке.

— Қадамың сәтті бола берсін демекшіміз!

Әбдірахман ӨМІРЖАНОВ,

## 12. Село дәрігерлеріне қамқорлығымыз (Наша забота о сельских врачах), 21 июля



**Село дәрігерлеріне қамқорлығымыз**

Ұлы Октябрь революциясына дейін Қазақстанда денсаулық сақтау ісі өте төмен дәрежеде еді. небәрі 93 аурухана, ал селолық жерде бір ғана емхана болатын. 1913 жылдан бастап болғаны 196 дәрігер бар еді. Ал дәрігерлер даярлайтын жоғары және орта оқу орны мүлде болған емес.

Социалистік құрылыс жылдарында республикамызда денсаулық сақтау ісі шарықтап өсіп, жаңа жоғары сапты кәсіптері пайда болды. Ондағы орта оқу орындарын айтпағанның өзінде төрт медициналық институт бар.

1931 жылы ашылған Алматыдағы мемлекеттік медицина институты — Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орнының бірі. Институт ашылып, алғашқы бері 7693 дәрігер даярланды. Солардың тек жарымынан көбі селолық жерлерде істейді. Көзіргі кезеңде институтта 3981 студент оқиды. Оның 1148-і қазақ жастары.

Өз жұмысына жетік, еңбек сүйгіш, әлімізде коммунизм орнату ісінде шын берілген дәрігер — мамандарды даярлап шығару институт коллективінің басты міндеті. Сол сияқты институттың оқытушылары мен профессорлары селолық жерлердегі дәрігерлерді, институттың бұрынғы оқытушыларын қамқорлыққа алып, оларға практикалық көмек көрсетуің маңызын ешқашан естен шығармайды. Институттың ғалымдары жыл сайын облыстар мен аудандарға барып, ғылыми Советтің көшпелі сессиясын өткізеді. Онда ғылым жаңалықтары туралы және жергілікті жағдайларға байланысты тақырыптарға баяндамалар тыңдалып, жергілікті дәрігерлердің іс тәжірибесі жинақталып, оларға талдау жасалады. Петропавл қаласында өткізілген осындай сессияға селода істейтін 350 дәрігер қатысты. Мұндай сессиялар Көкшетау, Гурьев, Жамбыл, Алматы облыстарында да өте сапалы өткізілді.

Институтта істейтін ғалымдар, дәрігерлер село дәрігерлеріне жедел және методикалық жәрдем беру үшін командировкаға жиі жіберіліп тұрады. Тын игеруші негізгі аудандарға жыл сайын онбес доцент, елу шақты ассистенттер мен тағы да басқа қызметкерлер барып, бір ай жұмыс істеп қайтады. Сол сияқты селолық жерге қысқа мерзімге профессорлар да барып, ондағы дәрігерлерге практикалық жәрдем береді.

Село дәрігерлеріне арнап ғылым конференция өткізу, оларды ғылыми зерттеу жұмысына қатыстыру советтік медицинаны одан әрі дамытуға елеулі ықпал жасайтыны мәлім. Олай болса село дәрігерлерінің білімін толықтырып, мамандығын жетілдіре беру — мемлекеттік маңызы зор игілікті іс. Соңғы жылдарға дейін селолық жерде істейтін үш жүзге тарта дәрігерлер өздерінің білімін толықтыруға келетін. Жуырда село дәрігерлерінің мамандығын жетілдіруіне ерекше жағдай жасалды. Дәрігерлердің білімін толықтыратын арнайы факультет ашылды. Көзіргі жыл сайын төрт жүзден астам село дәрігерлері институтқа кезіп, медицина ғылымының жаңалықтары мен емдеу практикасының жетілгендігімен танысады. Сондай-ақ облыстық денсаулық сақтау бөліміне арнап ашылған астам денсаулық сақтау факультетінің білімін толықтырады. Олардың басым көпшілігі село дәрігерлері.

Қазақ мемлекеттік медицина институтының ғалымдары 19 түрлі мамандық бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының жоғары белгіде жүргізіліп жатқанын бұл жобадан білеміз. Алдымен ала жасалған бұл жобадан 134 тақырып енгізілді. Оның ішінде 68-і паталогияны зерттеуге ерекше мән берілді.

Село дәрігерлері ғылыми зерттеу жұмысына шын мәнісінде батыл араласуда. «Зарабоксание Казахстана» журналында жарияланған ғылыми зерттеу жұмыстарының 25 — 30 процентін село дәрігерлері жазды. Ол еңбектердің басым көпшілігі институт ұсынған тақырыптарға жазылған.

Институттың ғалымдары жыл сайын кезінде жүзге тарта село дәрігерлеріне олардың ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылдануына, бірнеше дәрігерлердің кандидаттық диссертация жазуына тікелей басшылық етіп, көмектесуде. 1953 — 1958 жылдары 8 село дәрігері медицина ғылымының кандидаты деген ғылыми атақ алды. Олардың ішінде Алматы облысының Панфилов ауданында істейтін С. Т. Табынбаев, Жамбыл облысында істейтін М. Т. Іңкәрбаев сияқты талантты дәрігерлер бар. Көзіргі кезде 30-дан астам село дәрігерлер кандидаттық диссертация қорғау үшін зерттеу жұмысымен шұғылданып жүр. Олардың да ғылыми жетекшілері — біздің институттың ғалымдары.

Республиканың денсаулық сақтау орындарына Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің штатындағы және штаттан тыс бас мамандарға практикалық жәрдем береді. Олардың қатарында біздің институттың 16 маманы бар.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдері Қазақстан мемлекеттік медицина институты коллективінің алдына терең білімді және өз мамандығын жете меңгерген қабілетті жас кадрларды тәрбиелеп баулу, оқыту мен ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын одан әрі көтеру, республика еңбекшілерінің денсаулығын сақтауда, адам өмірін ұзарта түсуде денсаулық сақтау орындарына бұрынғыдан да батыл көмектесу міндетін қойды. Бұл күрметті де абыройлы борыш. Қазақ мемлекеттік медицина институтының коллективі көзір осы игілікті міндетті абыроймен орындау үшін күресуде.

**И. С. КОРЯКИН,**  
Профессор, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, Қазақ мемлекеттік медицина институтының директоры.

### 13. Ауыл бейнесі өзгерді (Облик села изменился), 25 июля



## Ауыл бейнесі өзгерді

Бөшелеріне асфальт төселген, бау-бақшалы «Красный восток» колхозының (Жамбыл облысы, Меркі ауданы) сырт көрінісі кімді болсын таң қалдырғандай. Колхозды аралаған сайын оның жетістіктеріне де сүйсінесің.

Өткен жылғы табысы он миллион сомнан асқан артель ауылшаруашылық машиналарын сатып алуға да қаржыны мол жұмсады. Көзір шаруашылықтың алуан түрлі жұмыстарында іске қосылған тракторлар мен комбайндар, автомобильдер мен шөп шабатын машиналар жүзден асады.

Колхоз дәулеті артқандықтан колхозшылардың мәдениеті де гүлденіп келеді. Күніне бір-екі сеанс кино көрсететін 500 орындық колхоз клубы мақтанышпен атауға болады. Колхоздың бөлімшелеріндегі шағын клубтар өз алдына бір басқа. Он жылдық мектеп колхозшылардың оқу жасындағы балаларының талабын қанағаттандырып отыр. Мұның сыртында көзір салынып жатқан жүз орындық балалар бақшасы, монша жуық арада пайдалануға берілімек, Колхозда радио торабы, электр станциясы жұмыс істейді. Тағы бір қуанарлық жағдай, мұнда жоғары білім алуға талпынып, техникумдарда, институттарда сырттан оқып жүргендер көп. Артель мүшелерінің дені радиоқабылдағышты пайдаланады. Міне, мұның бәрі осы колхозды мекендеген он шақты ұлт еңбекшілерінің береке бірлігінің, жемісті еңбегінің нәтижесі.

Колхозда өнімді еңбегімен жүрікә үлгі болған озаттар аз емес. Мысалы, қызылша звеносының бастығы Т. Абдуллаева жолдас былтыр 25 гектар жерге егілген қант қызылшасының әр гектарынан 817 центнерден өнім жинады. Еңбегіне кісі сүйсінерлік осындай озаттар қатарында шопан М. Қалағұловты, бригадир И. П. Рашупкинді, шофер В. Д. Фединді, тағы басқаларды атауға болады.

Артель үстіндегі жылы бес мың гектар жерге денді дақыл, 600 гектардай жерге нарт қызылшасын екті. Мұндағы қойдың саны көздің өзінде 30 мыңға тап қалды. Қоғамдық малдың басқа түліктері де толып жатыр. Колхозшылар көзір мол өнім жинаудың қамында. Шаруашылықтың барлық саласынан түсер табысты 12 миллион сомға жеткізу — колхоздың былтығы нысанасы осындай.

Мағзұм ДОСЫМБЕКОВ,

14. Үш бала тапты (Родила тройню), 29 июля



15. Шахтер семьясының қуанышы (Радость в семье шахтера), 30 августа



## Шахтер семьясының қуанышы

Қарағандыдағы № 38 шахта поселкесінде тұратын Қ. Бақажанов жолдастың семьясы жақында үлкен қуанышқа бөленді. Шахтер Бақажановтың зайыбы Күлжан үш еркек бала тапты. Биыл 28 жасқа толған Күлжанның бұдан бұрын төрт жасар ұлы, екі жасар қызы болса, енді бес балалы болды. Бақажановтың балалары қамқорлыққа алынып, оларға медициналық көмек көрсетілуде.


Темірбек  
ҚАЙРАЛАПОВ.

Суретте: Күлжанның жаңадан дүниеге келген үш сәбиі: Нұрлан, Нұржан, Нұркенді алдына алып отырған кезі.



Бірінші бетте

16. Баян Тасыбекова, 4 сентябрь





Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің,  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

БЕЙСЕНБІ, 22 ОКТАБЬР 1959 ЖЫЛ.

Шыға бастағанына 38 жыл.  
Бағасы 20 тиын.

№ 248 (11035).

## БАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ—АНАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Бұл күндері облыс еңбекшілері жетімділықтың алғашқы жылы табысты аяқтау үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Ауыл шаруашылығының түрлі салаларында әйелдер ерлермен бірдей еңбек етіп, елеулі табыстарға жетуде. Әйелдер — колхоз бен совхоз өндірісінде үлкен күш. Сонымен қатар әйелдердің, оның ішінде балалы әйелдердің өндірісте істегіне жағдай жасау — маңызды зор мәселе.

Облыстың кейбір шаруашылықтары бұған жете назар аударып, балалар мекемесінің жұмысын талашқа сай ұйымдастырып отыр. Мәселен, Октябрь ауданының Докучаев атындағы совхозында балалар ясли мен бақшасы бар. Оларда жұмысшылар мен қызметкерлердің жүзге жуық балалары тәрбиеленеді. Мұның өзі жас балалы әйелдердің қоғамдық еңбекке белсене араласуына зор мүмкіндік туғызып отыр.

Мұндағы балалар бақшасы мен яслиде жас сабилерді ойдағыдай тәрбиелеуге толық жағдай жасалған. Олар таза төсек-орынмен, белімен, түрлі ойыншықтармен камтамасыз етілген. Бөбектерге күнде 4 рет тамақ беріледі. Олардың денсаулығын дәрігер Коцацка жолдас жина-жин бақылап тұрады. Бақша, ясли үйлерінің 6 балмеші бар. Бәрі де кең, әрі жарық. Совхоз басшылары (директоры Ырысбаев жолдас) сабилерге үнемі қамқорлық жасап келеді.

Жас бөбектер арасында тәрбие жұмысы да жақсы жүргізіледі. Бақша меңгерушісі Гомадзе жолдас билердің денсаулығы мен өзара достығы өте жақсы екенін қуана баяндайды. Бұған балалардың ата-аналары да риза. Сол сияқты Преснов ауданының «Призем», Мамлют ауданының «Мамлют» совхоздарында да балалар бақшасының жұмысы жақсы жолға қойылған.

Бірақ, облыстың кейбір жерлерінде бұл маңызды мәселеге әлі де болса жете мән бермеушілік орын алуда. Қыттеген аудандардың партия, совет ұйымдары жас балалы әйелдердің еңбек етуіне жағдай жасамайды, балалар бақшалары мен яслилерін көбейтуге көңіл бөлмейді. Әсіресе, бұл жұмыс Булаев ауданында бетімен жіберілген. Ауылдарының 11 совхоз, 5 колхоздың басым бөлігінде балалар яслиі жоқ, көпшілігінде балалар яслиі жоқ. Ал балалар бақшасы көпшілігінде ұйымдастырылмаған.

Совхоз орталықтарынан балалар яслиі ашылғанымен жұмыстың нағыз шешуші участоқтары — бөлімшелер мен бригадаларда мүсіндік балалар яслиінің ұйымдастырылуы ескерілген келген. Мүндай жағдай «Молодежный», «Карагандинский» Калинин атындағы, Жланов атындағы совхоздарда болып отыр. Міне, осының салдарынан бұл шаруашылықтардың бөлімшелерінде ондаған балалы әйелдер жұмысқа қатыса алмай келеді. Ал совхоз басшылары мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланбай, жұмыстың қауырт кездерінде адам күші жетпейді деген сылтаумен шеттен көмек күтуді әдетке айналдырған.

Бұл ауданның колхоздарында да жағдай нашар-ақ. Сталин атындағы колхозда балалар яслиі жоқ. Бұл маңызды іс ауылдың Советінің председатели Крушинов жолдасының назарынан тыс қалып келеді. Кейбір жас балаларын қадыратын орын жас балаларын қадыратын орын болмағандықтан ауданның 50-ге жуық колхозының әйелдері жұмысқа шыға алмай отыр. Бұлар колхоз балалар яслиінің ұйымдастыру жағдайында тәжірбеті аз еді. Бірақ, оған құлақ асып отырған ешкім жоқ. «Страна советов», «Красное знамя» колхоздарында да істің осылай осындай. Үстіміздегі жылғы 8 ауыл колхоздарында маусымдық 8 ясли ашылып, оларда 200-ге жуық сабилер тәрбиеленуге тиіс еді. Амақ дегенде, ол да орындалмады. Мұның себебін сұраған адамға аудандық атқару комитетінің председатели А. Я. Кудренко жолдас «аржы жоқ, мен қайтеін» деп қысық жауап берді.

Преснов ауданының Абай атындағы Киров атындағы және «Баян» колхоздарында балалар яслиі мен бақшасын ұйымдастыру туралы көп сөз болып жүр. Бірақ сөзден шыққан нәтиже жоқ.

Балалар яслилерін салу, оларды орынды көбейту Повдун ауданында да нашар жүргізілуде. Ал Колхоз ауданының колхоздарында бірде-бір балалар бақшасы мен яслиі ұйымдастырылмаған. Кей жерлерде тұрақты яслилер жоқ. Билерден олар арнаулы салынған үйлермен, қажетті заттармен жалдамалы.

Былты облыстық оқу бөлімінің ұйғаруы бойынша облыста маусымдық 79 балалар яслиі ұйымдастырылып, оларда 1479 бөбек тәрбиеленуі тиіс еді. Бұл жөнінде айтылған сөз, берілген ұсыну аз болған жоқ. Ауылдарға арнаулы 52 тәрбиеші жіберілді. Бірақ, бұл жөнінде іс те аяқсыз қалды. Сол сияқты облыс колхоздарында ашылуға тиісті 17 тұрақты балалар яслиі де түрлі себептермен әлі күнге дейін ұйымдастырылмай келеді.

Облыста балалар бақшасы мен яслиі салуға бөлінген аржы орынды жұмсалайды, сөйтіп балалар мекемелерінің санын көбейту жөніндегі жоғары жыл сайын орындалмай келеді. Бұл іске ауылдық атқару комитеттері мен ауылдық Советтерінің басшылығы да нашар екендігін атап көрсету қажет.

Балалар мекемелеріндегі адам тәлімі мен ішкі тәртібіне оқу бөлімі мен облыстық денсаулық сақтау бөліміне, олардың басшылары Сақун, Новосельцев жолдастары мәлім. Амақ не, бұл жағдай оларды қиыншылықтар енес.

Әрбір колхоз бен совхозда балалар бақшасы мен яслилерін ашып, оларды жақсы жағдайда ұстау, сөйтіп, жас балалы әйелдерді өндіріске белсене қатыстыру — мемлекеттің маңызды зор ісі. Өйткені балаларға қамқорлық — аналарға қамқорлық. Ендеше Социалистік Қазақстан облысының партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары бұған айрықша көңіл бөлулері қажет.

Сейтен БЕЙСЕНБАЕВ,  
(«Социалистік Қазақстан» газетінің мемшкісі тілшісі).

## 18. Ана қуанышы (Радость матери), 31 октября



### Ана қуанышы

Бір сағат. Былай қарағанда бұл көп уақыт емес сияқты. Бірақ әрі жұмыс істейтін, әрі жұмыстан соң үй шаруасымен айналысатын әйелдер үшін заводтан бір сағат ерте шығу қандай тамаша, қандай қуаныш десеңізші!

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жұмысшылар мен қызметшілерді қысқартылған жұмыс күніне көшіруді және жалақыны төртіптеуді аяқтау мерзімдері туралы» қаулысы мені де шексіз қуаныш сезіміне бөледі.

Кенбайтақ Отанымыздың түкпір-түкпіріндегі өндіріс орындарында істейтін мен сияқты балалы әйелдерге де бұл қаулы қандай қуаныш әкелді екен! Бұл қаулы бойынша жұмыстан ерте шыққан аналар енді баласының қасында бұрынғыдан да көп уақыт болуына, үй жұмыстарымен көбірек шұғылдануына мүмкіндік туады. Өндірістен қол үзбей оқитын жастар үшін бұл қаулы қандай тамаша жағдай жасайды! Жастардың енді оқуына да, демалуына да уақыт жетеді. Бұған қуанбағанда, енді неге қуанарсың!

Совет адамына күнде осындай қамқорлық жасап отырған туысқан партия мен үкіметке қалтқысыз алғыс сезіміңді білдіргің келеді.

Мен де, күйеуім Сейсенбек те Алматының № 2 автомобиль жөндеу зауытында істейміз. Сейсенбек мотор құрастырушы, ал өзім қайрақшы болып істеймін. Екеуіміздің тапқан табысымыз барлық керегімізге жетіп, артылады. Ал сүйікті партиямыз бен үкіметіміздің халық мүддесі үшін үздіксіз жасап отырған қамқорлығы бізді, жұмысшыларды кәзіргіден де бақытты тұрмысқа жеткізеді.



Міне, осы тамаша қамқорлық біздің семьяны да еңбекте ерлік істер жасауға дем беріп отыр.

Мен өткен айда өндірістік жоспарды 150 процент етіп орындаған едім. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдығы құрметіндегі жарыста бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетуді көздеп отырмын.

Бұл қоғамда қандай пайдалы іс атқарсам, осының барлығы сүйікті партия, саған арналады.

**Ш. РАХИМОВА,**  
Алматыдағы № 2 автомобиль жөндеу зауытының қайрақшысы.

19. Бақытты қарттың бірімін (Я – один из счастливых стариков), 5 декабря



## Бақытты қарттың бірімін

Бүгінгі бақытты өміріміздің өткен күннен айырмасы жер мен көктей. Мен 75-ке келдім. Осы жасымның 30 жылдан артығын қара түнекте өткіздім. Біздің қазақ даласы, соның ішінде Қостанай өлкесі бір кезде суы тартылған өзенге, гүлсіз көктемге ұқсас еді. Еңбекші халық зорлық-зомбылық көріп, патшаның және бай мен билердің езгісінде өлмеші күн көрді. Сол бір ауыр заманның қарапайым халыққа жасаған қысымын айтуға ауыз да бармайды.

1917 жылы Октябрьдің таңы атты. Жаңа заман қазақ даласын, оның ішінде Қостанай өлкесін де өз шұғыласына бөледі. Республикамыз туысқан халықтармен бірге терезесі тең, іргелі ел болды. Халқызым өзінің ұлттық экономикасы мен мәдениетін жасау үшін қажырлылықпен күресті.

Советтік Конституция біздің жеңістерімізді баянды етті. Бұл ұлы заңға сәйкес әрбір совет азаматы оқуға, дем алуға, еңбек етуге қолы болды.

Мен атақты революционер Тараз Летунов сияқты ардагерлермен үзегілес болып, Қостанайда Совет өкіметін орнату үшін күрескен аламын. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Қостанайдың губерниялық атқару комитеті председателінің орынбасары және жер бөлімінің бастығы болып жұмыс істедім.

Революцияға сіңірген еңбегімнің енді рахатына бөленудемін. Мен көзір дербес пенсия аламын. Балаларымның бәрі білім алып, еңбек етуде. Мұқтар дейтін балам тың игерген Қаратал совхозында жұмыс істейді. Тоқтарым жоғары оқу орнында оқиды. Қысқасы мен тұрмысы жақсы, көңілі шат қарттардың бірімін.

Осы ерікті күнге жеткізіп, теңдік бақыт әперген туысқан Партияға, Совет үкіметіне алғыс айтамын.

Әубәкір БЕЙТІШЕВ,

Дербес пенсионер

Қостанай облысы,  
Мендікара ауданы,

А Б И Р

20. Ана алғысы (Благодарность матери), 5 декабрь

барлық елдердің пролетарлағ



# СОЦИАЛИСТ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советі

№ 285 (11072). \* СЕНБИ, 5 ДЕКАБРЬ 1959 жыл. \* Шыға баста Баға

## Ана алғысы

Мен еліміздегі сан мыңдаған аналардың бірімін. Он бір балам бар. Бізге, көп балалы аналарға партия мен үкімет ерекше қамқорлық жасауда. Мемлекет тарапынан ай сайын жәрдем алып тұрамын. Соңғы балам туғанда мемлекет екі жарым мың сом ақша беріп, көмек көрсетті. Балаларым ешнәрседен мұқтаждық көрмей өсуде. Ересек екі ұлым техникумда оқиды. Ең үлкенім Семейдің мал дәрігерлік институтын бітірді. Кәзір ол колхозда зоотехник. Төрт ұлым мектепте оқиды. Бұрынғы тұрған үйіміз әрі тар, әрі көріксіз еді. Қалалық Совет еңсесі биік, бөлмелері кең үй берді. Оған не бәрі 30 сом пәтер ақы төлеймін. Күйеуім Калинин атындағы ет-консерві комбинатында істейді, тұрмысымыз жақсы. Дәрігерлер аптасында бір рет үйге келіп, балаларымның денсаулығын қарап тұрады.

Еліміздегі барлық ана мен баланы бақытты еткен, оларды алақанына салып, әлпештеген Коммунистік партияға, Совет үкіметіне мың мәртеба алғыс айтамын. Советтік Отаным гүлдене берсін!

Семей қаласы. Нұрғайса ЫСКАҚОВА  
көп балалы ана.

21. Тәрбиеші ана (Нянечка), 5 декабрь

дарлық елдердің пролетарлар



# СОЦИАЛИСТ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советі

№ 285 (11072). \* СЕНБІ, 5 ДЕКАБРЬ 1959 ЖЫЛ. \* Шыға баста  
Баға

## Тәрбиеші ана

Биров ауданы, «Көксу» совхозының орталығындағы яслиде 30-ға жуық балалар тәрбиеленеді. Онда КПСС мүшесі, байырғы тәрбиеші ана Айдайқыз Мамытова менгеруші болып істейді. Балалар яслиі жақсы жабдықталған. Соңғы кезде ғана оған 15 мың сомның ойыншықтары сатып алынды. Балалардың тамағы өте жақсы. Киім кешектері, төсек орындары да тап-таза.

Айдайқыз Мамытова балалар яслиінде он жылдан бері үлгілі еңбек етіп келеді. Ол әр күні таңертеңгі сағат 8-де яслиге келіп, бөлмелердің, сәбилер төсектерінің тазалығын тексеріп шығады. Сонан соң сәбилерді күтуге тікелей араласып кетеді. Олардың киімдері таза жуылуын, тамағы жақсы пісірілуін үнемі қадағалайды. Жылағандарын өз анасындай мейірлене жұбатады. Міне, сондықта да осы тәрбиеші ананы ата-аналар ерекше қадірлейді.

**Қаттахан ҚЫСТАУБАЕВ.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы

22. Қол өнер шеберлері еңбектерінің көрмесі (Выставка мастеров прикладного искусства),  
10 декабрь



4-БЕТ.

## ҚОЛ ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІ

Суретте: бірінші сыйлыққа ие болған Рапия Қоқымбаева көрмеге қатысушыларға өз кілемін көрсетіп тұр. Солдан оңға қарай — С. Бұршақбаева, Р. Қоқымбаева, Н. Өтеулиева, К. Сексенбаева.  
Суретті түсірген П. Кадушнин.

Әрбір халықтың дәуір сынынан өткен асыл мұралары мен өнерлері болады. Бұлар барған сайын жана өмірдің жаңалығымен толықтырылып дамып отырады. Қол және бейнелеу өнері де осылардың біріне саналады.

Білім нәрін кеш алған қазақ халқы өзінің ұлттық дәстүрін, мәдениетінің өсу дәрежесін қол және бейнелеу өнері арқылы да көрсете білген. Ғажап оюлармен нақышталған алуан түспен құлпырып, көздің жауын алатын неше түрлі түс киіздер мен кілемдерді көріп, іскерлердің сезімталдығына, нәзік те шебер ісіне қайран қаласыз. Оларда замана белгісі, халықтың эстетикалық талғамы байқалады.

Бұл күндері Т. Шевченко атындағы мемлекеттік галлерейда ашылған көрме шеберлердің еңбегін көрсетуге арналған.

— Мына оюларды қалай келтірген, өзі құлпырып тұрады екен — дейді көрмеге келген студенттердің бірі қол дорбаны айнала қарап.

— Қалпақ пен шалбарды да шебер жасаған екен. Өнерлінің қолы алтын деген осы-ау, — деп танданысады көрушілердің екінші тобы. Бұл еңбектердің иесі — Жамбыл ауданында тұрушы С. Керімбаева. Ол неше түрлі әдемі ою-өрнектерді тіккен мүлкіне жарасымды пайдаланған. Әсіресе, жұрттың назарын аударған оның Жер серігі атты еңбегі болды. Аспан әлеміне тұңғыш ұшырылған Жер серігінің бейнесі шебердің қолымен ерекше құлпырады.

Нарынқолдан келген 63 жастағы Рапия Қоқымбаеваның түс киізін көрушілер де одан көз алмайды. Рапия Қазақтың өзіне тән ұлттық әсем өрнектерін ұқыптылықпен енгізіпті. Сондай-ақ Қонақбаева, Өтеулиева, Сәкетова, Зүкіровалардың бұйымдары да көз тартады.

Көрме ашылғаннан бері онда жүздеген қала тұрғындары болып, өз пікірлерін айтты. Көрме жабылар күнгі мәжілісте облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары Дәулетбаев жолдас қол және бейнелеу өнерінің маңызы жайында сөз сөйлеп, бұл өнерге жастарды тарту ісі нашар екенін атап айтты. Сол сияқты жана өмірге лайықты қамзол, тақия, көйлектерді неге жасауға болмайды, деген орынды талаптар айтылды.

Облыстық халық творчествосы үйінің бастығы Есқалиев жолдас ескі оюлар мен өрнектердің әлі белгісіз бар асылын, нәрін пайдалануды ескертті. Ал көрмеге қатысушы шеберлер жіп пен бояудың өте қиындықпен табылатынын қыжыла отырып айтты.

Мәжіліс соңында Алматы облысы бойынша алты ауданнан көрмеге қатысқан 40 кісінің 23-і сыйлықтарға ие болғандығы хабарланды. Оның ішінде 3 адам бірінші сыйлыққа, 10 адам екінші сыйлыққа ие болды. Бес адам алдағы болатын республикалық слетке делегат болып сайланды.

Өмірзақ АЙТБАЕВ.

«Бі:  
алғс  
Венери  
пар:  
«Ненс  
БУД  
«Ненс  
грияны  
тиясын  
сезіне  
зір, Ве  
шы па  
деп ж  
грияны  
еңбекі  
Сье  
комму  
лары  
де ас  
шілік  
кер, т  
Ники  
КПС  
дейді  
жүме  
зын  
Хр:  
«Нен  
соци  
жүрі  
пар:  
визи  
сы к  
баға  
жол  
Буд:  
зілі  
тұр:  
ере:  
Т:  
ры,  
рыс  
қан  
гат  
зы  
лет  
ұл:  
лы  
ке:  
ри  
жа  
нь

23. Аналар алаңсыз еңбек етеді (Мамы работают не покладая рук), 19 декабря



**Аналар алаңсыз еңбек етеді**

Балалар бақшасы мен балалар ясли екі үлкен маңызды міндет атқарады. Біріншіден, біздің келешегіміз — коммунизмнің жас құрылысшыларын саналы, тәртіпті етіп, коммунистік рухта тәрбиелеп, мектепке даярлайды. Ал екіншіден, көп балалы аналардың шаруашылықта алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Шорнақ селолық Советіне қарасты балалар бақшасы соңғы жылдарда ғана 95 жас ұрпақты мектепке даярлап берді. Ал, балалар яслинен осы уақыттың ішінде 75 сәби балалар бақшасының тәрбиесіне ауысты. Балаларды коммунистік рухта тәрбиелеу үшін біздер бар мүмкіндікті пайдаланып келеміз. Бақша мен ясли балалардың өйерісін дамытатындай етіп, бүгінгі заманымызға лайықты жабықтықталған. Сондай-ақ бақшадағы балаларды мектепке әзірлеу үшін кітап, қағаз, қаламдар бар. Арнаулы білімі бар тәрбиешілер Кокишева, Мырзалиева жолдастар балалар арасындағы тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізуде.

Көп балалы ана Күләш Әлиева баласының тәрбиесін бізге сеніп тапсырғандықтан өзі алаңсыз, жемісті еңбек етті. Ол мақта жинау кезінде бес жарым тонна мақта терді. Сондай-ақ балалары біздің тәрбиеміздегі Күрбан Тәжібаева, Фатима Әбдіразакова сияқты аналар да әрқайсысы мыңдаған килограмм мақта теріп, қажырлы еңбек етті. Мұндай аналар бізде көп-ақ.

Балалар бақшасы мен балалар яслинің жұмысын біз бұдан былай да жақсартып береміз. Сөйтіп, аналар алаңсыз еңбек ете береді.

Зұлым НАҚЫПОВА,  
Балалар бақшасының меңгерушісі,  
селолық Советтің депутаты.

24. Қонақ үйге мұқтажбыз (Нам нужна гостиница), 30 декабрь



## Қонақ үйге мұқтажбыз

Котьевка селосы — Теңіз ауданындағы ірі селолардың бірі. Ол Еділ өзенінің жағасында, Астрахань мен Гурьев қалаларының су және әуе жолдарының торабында. Село көшелері жыл сайын жана құрылыстармен көркейіп келеді. Соңғы кезде мұнда клуб, асхана, бірнеше дүкендер салынды. Ауданның «Память Ильича» балықшы артелінің орталығы да осында. Селоның екі мыңнан астам халқы бар.

Астрахань мен Гурьев қалаларына қатынайтын жолаушылар селоға

соқпай, бір қонбай кетпейді. Сол сияқты аудан орталығынан да Котьевкаға күн сайын ондаған адам қатынайды. Бірақ селода әлі күнге дейін қонақ үйі жоқ. Жолаушылар үлкен селоны күні ұзаққа аралап, таныс үйлерін іздеп жүреді. Қонақ үй салу жөнінде аудандық, облыстық ұйымдардың алдына бірнеше рет мәселе қойылды. Бірақ, көпшілік тілегі әлі күнге дейін ескерілмей келеді.

**Қ. АХМЕТОВ.**

Гурьев облысы: